

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№64 (229), сәуір, 2025 ж.

Ғылым қызметкерлеріне
құрмет көрсетілді

3

Таинственная зона воды:
что скрывает H₂O?

12

Жеңісті жақындатқан
ардагерлеріміз

14

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ МЕН ARIZONA STATE UNIVERSITY ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ



2025 жылғы 21-22 сәуір аралығында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің АҚШ-қа ресми сапары аясында, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма Төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки бастап барған делегация Аризона университетінің (Arizona State University, ASU) Темпе және Феникс қалаларындағы кампустарында болды. ASU-дың атқарушы вице-президенті және бас операциялық директоры доктор Крис Ховардпен кездесуде екі жоғары оқу орны арасындағы стратегиялық әріптестік мүмкіндіктері талқыланды.

Атап айтқанда, келесі бағыттар қаралды:

- * оқытушылар құрамының академиялық алмасуы мен біліктілігін арттыру бағдарламалары;
- * бірлескен симпозиумдар, семинарлар және ғылыми конференциялар ұйымдастыру;
- * студенттік алмасу, академиялық ұтқырлық және қос дипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- * М.Әуезов атындағы ОҚУ базасында Honors College ашу арқылы қос дипломды бағдарламаларды дамыту;
- * халықаралық бағдарламаларға қатысатын студенттерді қолдау үшін қаржыландыру көздерін іздеу және тарту;
- * академиялық жарияланымдар, оқыту әдістемелері мен оқу курстарымен алмасу.



Кездесу нәтижесінде М.Әуезов атындағы ОҚУ мен Аризона штаты университеті арасында халықаралық ынтымақтастық туралы өзара түсіністік меморандумына қол қойылды. Бұл құжат университеттің халықаралық интеграциядағы жаңа кезеңін білдіріп, жаһандық білім беру кеңістігіндегі орнын нығайтады. Сондай-ақ, сапар аясында университеттің делегация өкілдері Fulton Center, Инженерлік факультет, Thunderbird жаһандық менеджмент мектебі және ASU-дың EdPlus білім беру платформасына барып, нақты серіктестік бағыттарын талқылады. Honors College-тің М.Әуезов атындағы ОҚУ базасында ашылуы — ASU және өзге де жетекші университеттермен бірлескен бағдарламаларды іске асырудың маңызды алаңы болмақ. Бұл қазақстандық студенттерге жоғары сапалы білім мен халықаралық академиялық мүмкіндіктерге жол ашады.

«Ақылды ферма» құрылысының капсуласы салынды

М.Әуезов
атындағы
Оңтүстік
Қазақстан
зерттеу
университеті
мен корейлік «Хён»
компаниясы арасында



«Ақылды жасыл ферма» жобасы бойынша бірлескен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Іс-шараға Корея делегациясы, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, жергілікті кәсіпорындардың өкілдері қатысты.

– Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бас-тамасымен ғылымға үлкен қолдау көрсетілуде. Ғалымдарымыз да белсенділік танытып, серіктестермен бірлесе жаңа ғылыми жобалардың жүзеге асырылуына септігін тигізіп жатыр. Әріптесіміз профессор Рае Квон Чунг осыдан екі жыл бұрын жасыл энергияны пайдаға жарату арқылы ауыл шаруашылығын дамыту жобасын қолға алуға ұсыныс білдірген болатын. Нәтижесінде биыл инвестормен бірге жаңа технологияларды қолдана отырып, ақылды ферманы өзіміздің университетімізде қалыптастырамыз. Ақылды жасыл фермада өсірілетін өнімдерге пестицидтер мен химиялық заттар пайдаланылмайды және суды тұтынуды 90 пайызға үнемдейді, – деп атап өтті М.Әуезов атындағы ОҚЗУ Басқарма төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки.



Ынтымақтастық келісімнен кейін ферма құрылысының капсула салу рәсімі өтті. Мұнда жасыл мақта, васоби және құлпынай өсірілетін болады. Профессор Рае Квон Чунг фермада өсірілетін жасыл мақтаның ерекшелігіне тоқталды. Профессордың айтуынша, жоғары сортты өнімге Луи Ветон секілді әлемдік брендтік фирмалар қызығушылық танытуда. Алдағы екі айда құрылыс жұмыстары жүріп, оған қажетті SmartFarm, Aquaponics және WindTower секілді жабдықтарды корейлік компания тегін жеткізеді.

Атап өту керек, ақылды фермада өсірілетін өнімге күн және жел энергиясы қолданылады. Ғалымдар бұл климаттық дағдарыстың шешімін табудың баламалы жолдары дейді.



ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ВИЦЕ-МИНИСТРІ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова Шымкент қаласының тұрғындарымен ғылым және жоғары білім саласын дамыту мәселелері бойынша кездесу өткізді. Алдымен вице-министр оқу ордасындағы жас ғалымдардың ғылыми жобаларының көрмесімен танысты.

Кездесуде Динара Ринатқызы ғылым мен жоғары білім беру дамытудағы атқарылып жатқан негізгі жұмыстарға тоқталды. Жоғары білімге қолжетімділікті арттырудың жаңа тетіктері, жаңа кәсіптер мен құзіреттер атласы, кадр даярлау мен еңбек нарығындағы өзгерістерді болжауға бағытталған «Мамандығым – болашағым» жобасы, ғалымдарды қолдау, студенттердің шәкіртақысы және олардың жатақханалармен қамтылуы бағытындағы жұмыстарды атап өтті. Динара Ринатқызы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасанды интеллектіні дамыту және осы салада кадр даярлау жөніндегі тапсырмасы аясында AI-SANA оқыту платформасымен алғашқы кезеңде 650 мың студентті оқытуды қамту жоспарланғанын, бүгінде оның 227 мыңы сертификат алғанын жеткізді.

–20 жоғары оқу орнымен жасанды интеллекті бойынша 21 білім беру бағдарламасы енгізілді, оның ішінде «Қолданбалы жасанды интеллекті», «Жасанды интеллекті және блокчейн инженериясы», «Кибернетика және ЖИ», «Медицинадағы ЖИ», «Жасанды интеллекті және деректерді талдау» және тағы басқалары бар. Магистратура мен док-

торантура деңгейінде «Кибернетика және ЖИ», «Жасанды интеллекті технологиялары», «Медицинадағы ЖИ», «Компьютерлік ғылым және жасанды интеллекті» атты жасанды интеллекті бойынша жаңа білім беру бағдарламалары іске асырылуда.

Ал AI-SANA технологиялар тұғырымен I кезеңде 100 мың студент, II кезеңде 60 мың, III кезеңде 1,5 мың стартап қалыптастырылады деп жоспарланған, оның 50-і халықаралық деңгейдегі стартап, – деп атап өтті Динара Щеглова.

Кездесуде қала тұрғындары және ғалымдар тарапынан Абайдың «Толық адам» ілімін жастардың тәрбиесіне енгізу, ғалымдар мен студенттерге қолдау көрсету, жасанды интеллектті дамыту, халықаралық басылымдарға мақала жариялау, ғылыми жобаларды қаржыландыру бойынша сауалдарын қойды.

Кездесуден кейін Динара Ринатқызы және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы Ақерке Абылайханқызы және министрліктің Ғылыми комитеті Ғылыми жобалар мен бағдарламалар басқармасының басшысы Ренат Елшібеков, «Ғылым қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Әлия Сембаева азаматтарға жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

Кездесуден кейін Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова оқытушы-профессор құрамы және жастарға жасанды интеллект бойынша дәріс оқыды. Әлия Сембаева еліміздегі технологияларды коммерцияландыру бойынша ақпараттандырды.



МЕРЕКЕДЕ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

М.Әуезов атындағы ОҚЗУ ұжымы Ғылым күнін салтанатты түрде атап өтті. Шараға оқу ордамыздың профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлері және білім алушылар қатысты. Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры Ұлан Сүлейменов мерекелік іс-шараны ашып, барша ғылыми қауымды Ғылым күнімен құттықтады.

–Әуезов университетінің ғылымы бүгінде дамыған инновациялық инфрақұрылым, бұл – 2 Ғылыми зерттеу институты, 17 ғылыми зерттеу зертханасы және 6 ғылыми орталық, аккредиттелген ұжымдық пайдалану зертханасы. Барлығы 110 оқу-ғылыми және ұйымдастырушылық нысандар.



Университеттің кадрлық әлеуеті бүгінде: 87 ғылым докторы, 446 ғылым кандидаты және 131 PhD докторы. Ғылыми жұмыстардың негізгі бағыты университет ғылымының өңірлік экономика мен ел экономикасына үлесін әр түрлі жобалар мен бағдарламаларды орын-

дау және ғылыми-техникалық жұмыстар нәтижелерін коммерцияландыру арқылы арттыру болып табылады. Ғылымның дамуына зор үлес қосып келе жатқан ғалымдарымызды мақтан тұтамыз! Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас қуат, ізденіс жолында толағай табыстар тілеймін! Мереке құтты болсын», - деді Ұлан Сейітқазыұлы өз сөзінде.

Атап өту керек, бүгінде университетімізде 9 «Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты», 4 «Құрмет» орденінің иегері, 82 «Халықаралық Президенттік Болашақ Стипендия» иегері және 314 «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» қызмет етуде.

Мерекелік кеште Ұлан Сейітқазыұлы университет ғылымына үлес қосқан бірнеше ғылыми қызметкерге министрліктің салалық төсбелгілері, Құрмет грамоталары сондай-ақ Басқарма Төрағасы-ректордың алғыс хаттарын табыстады.



«Ұрпақтар сабақтастығы – кемел болашақтың кепілі»

Университетімізде осы тақырыпта керемет тағылымды кездесу өтті. Оқу ордасының профессор-оқытушылар құрамы, студенттер қатысқан іс-шараға өмір және еңбек жолы өнегелі, ғылымда өз қолтаңбасы бар, ұрпақ тәрбиесіне орасан зор үлесін қосқан ардагер-ұстаздарымыз шақырылды. ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, а.ш.ғ.д., профессор, құрметті ұстазымыз – Алибаев Нұрадин Нәжмеддинұлы; ҚР Білім беру ісінің үздігі, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ф.ғ.д., профессор, құрметті ұстазымыз – Тлеубердиев Болатбек Мақұлбекұлы; «Ұлттық құндылықтар академиясы» РҚБ Шымкент қалалық филиалының төрайымы, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі, құрметті ұстазымыз – Көздібаева Әбилә Көздібайқызы.

Университетіміздің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Ернар Иманғалиев құттықтау сөзінде жарқын жүздесудің құндылығын атап өтті. – Ардагер ұстаздарымыз – мәңгілік қазынамыз. Осындай тағылымды ұстын етіп, ұрпақты ұлт тұлғаларына қарап бой үйрететін болсақ біз



үшін зор тәлім болары сөзсіз. Өйткені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Біздің көрнекті тарихи тұлғаларымыз ұлықтауға әбден лайық. Сөз жоқ. Олардың есімін ел жадында сақтау – перзенттік парызымыз әрі жалпыұлттық болмысымызға тән қасиет», деген болатын.

Университетіміздің өсіп-өркендеуі, бүгінгі биік белестерге жетуі – осында ұзақ

жылдар тер төгіп, бар ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған ұстаздарымыздың еңбегінің жемісі. Сіздердің білім бен тәжірибелеріңіз – кейінгі буынға бағдаршам, шамшырақ іспетті. Бүгінгі кездесудің әр сәті – тарих. Әр айтылған ой, әрбір ақыл – жүрекке жол тартқан асыл қазына. Бұл — тек кездесу емес, бұл – рухани байланыс, өмірлік тәжірибелер сабақтастығының үлгісі, - деді өз сөзінде Ернар Иманғалиев. Иә, осындай рухани кездесулер аға буын мен жас ұрпақтың байланысын үзбейтіні анық.

«ПРОКУРАТУРНОЕ ПРОСТРАНСТВО БУДУЩЕГО»

На факультете «Право» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова состоялось открытие кабинета «Прокураторное пространство будущего». Проект реализован с целью укрепления сотрудничества между высшими учебными заведениями и органами прокуратуры.

В церемонии открытия приняли участие начальник управления Департамента кадровой работы Генеральной прокуратуры Республики Казахстан Ернур Зейнешулы, первый заместитель прокурора города Шымкента Жомарт Нургалиевич, исполняющий обязанности первого проректора университета Курмангали Сарыкулов, профессорско-преподавательский состав и студенты. — Кабинет «Прокураторное пространство будущего» открыт в восьми вузах страны. Он укомплектован необходимыми материалами: представлены материалы по истории прокуратуры, журналы, труды специалистов отрасли, а также методические пособия. Всё это способствует профессиональному развитию студентов и позволяет им глубже понять особенности прокурорской деятельности, — сказал Ернур Зейнешулы.



Руководители органов пригласили студентов на работу в прокуратуру и ознакомили их с действующими правилами. Также было отмечено, что сегодня в сфере прокуратуры успешно работают более 80 выпускников университета имени Ауэзова. Гости посетили зал суда и криминалистический полигон факультета «Право». Отметим, что факультет «Право» с 1998 года ведет подготовку специалистов по специальности «Юриспруденция», выпуская квалифицированных юристов. На факультете обучаются около 2000 студентов, а преподавательский состав насчитывает 120 человек. Факультет активно сотрудничает с судами, департаментом полиции, прокуратурой, коллегией адвокатов, нотариальной палатой, департаментом юстиции и судебными исполнителями Шымкента и всей страны на основе подписанных меморандумов.

ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық кітап күнін белгілеу жөнінде тапсырма берген болатын.

Биыл «23 сәуір – Ұлттық кітап күні» болып белгілініп, елімізде тұңғыш рет аталып өтті. Президентіміз барша кітапсүйер қауымды мерекемен құттықтады.

«Биыл алғаш рет аталып жатқан Ұлттық кітап күні құтты болсын! Бұл – білімпаздық, ізденімпаздық, кітапқұмарлық сияқты игі қасиеттерді дәріптейтін күн. Кітап оқыған ұрпақ озық ойлы болады. Сапалы ұлт осындай құндылықтар арқылы қалыптасады», – делінген құттауда.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті бұл мерекені үлкен деңгейде атап өтті. Университетіміздің Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Ғани Әбзелбекұлы Бесбаев өз құттықтауында:

«Жаңа мәдени мереке – кітап оқудың маңыздылығын арттыратын және әдебиетке деген қызығушылықты қалыптастыратын маңызды бастама. Жаңа мерекені енгізу туралы бастаманы Мемлекет басшысы Қасым-Жо-

март Тоқаев ұсынған болатын. Алғаш рет аталып өтіп жатқан мерекемен баршаңызды құттықтаймын» – деп бұл күннің маңыздылығын атап өтіп, іс-шараның өтуіне үлес қосқан ұйымдар мен жастарды алғыс хатпен марапаттады.

Құндылығы жоғары іс-шараға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «IQUP» оқырмандар клубы, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «ALQA» әдеби бірлестігі, Орталық Азия инновациялық университетінің «TallUr» оқырмандар клубының студенттері белсенді қатысты.

Ақпараттық білім беру орталығының кітапты ұлықтауға арналған көрмесіндегі баспа кітаптардан жасалған киіз үй мен ұлттық аспап қобыздың инсталляциясы оқырмандардың назарын аударды.

Атап өтейік, университетіміздегі кітапханалардың кітап қоры – 2 млн.-ға жуықтайды.

ЕУРООДАҚ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЕЛШІЛЕРІ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетіне Еуроодақ мемлекеттерінің елшілері жұмыс сапарымен келді. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Юрьевич Василенко бастап келген делегация құрамында Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасындағы Елшісі Алешка Симич және Австрия, Хорватия, Болгария, Кипр, Эстония, Германия, Греция, Финляндия, Венгрия, Латвия, Румыния, Словакия, Швеция, Швейцария, Ұлыбритания караольдігі және Солтүстік Ирландия, Польша, Португалия мемлекеттерінің Қазақстан Республикасындағы елшілері бар.

Қонақтарды М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки үлкен құрметпен күтіп алды. Салтанатты күтіп алу рәсімінде ұлттық фольклорлық ансамбль және ұлттық киімдегі арулар құрмет көрсетті.

Еуроодақ мемлекеттерінің елшілері еліміздің республикалық маңызы бар үшінші мегаполис Шымкенттің қонақжайлылығы мен дархан көңіліне ризашылықтарын білдірді.

Алдымен Еуроодақ және оған мүше 17 мемлекеттің Қазақстан Республикасындағы елшілерінің қатысуымен «Шымкент: жаһандық серіктестер үшін білім беру дипломатиясын дамыту» тақырыбында кездесу өтті. Іс-шараға Шымкент қаласы әкімдігі өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы, жас ғалымдар және қаламыздағы ЖОО студенттері қатысты. Кездесуде Еуроодақ университеттерімен халықаралық ынтымақтастықты нығайту (бірлескен бағдарламалар, академиялық ұтқырлық, ғылыми коллоборациялар) студенттер мен оқытушылар үшін мүмкіндіктер

талқыланды.

Алғаш сөз алған университетіміздің Басқарма төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки Жұмақанұлы қонақтарға Шырайлы Шымқалаға келген сапарларына сәттілік тіледі.

–Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық ынтымақтастықты дамытуды, әсіресе оның өңірлік деңгейдегі маңыздылығын атап өтуде. Мемлекет басшысының саясаты ғылым және жоғары білім саласында халықаралық байланыстарды нығайтуға бағытталған. Бүгінгі іс-шара соны айғақтайды.

Шымкент – өңірдегі экономикалық хабы ретінде, сыртқы экономикалық серіктестікті кеңейту және ғылымды дамыту бойынша жаңа мүмкіндіктер туғызуда маңызды рол атқаратын қала болып табылады. Университетіміз қаламызды дамытуда инновациялық және ғылым ордасы ретінде үлес қосатыны мәлім.

Сіздерді М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде қарсы алуымыз – біз үшін үлкен мәртебе. Сіздердің бүгінгі сапарларыңыз халықаралық білім беру саласындағы байланысты нығайтуымен маңызды әрі ықпалды болатынына сенімдіміз, – деген Дархан Жұмақанұлы қонақтарға университеттің ғылыми әлеуеті мен халықаралық дәрежедегі мүмкіндіктерімен таныстырды.

Конференцияда сөз алған ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Юрьевич Василенко Шымкент қаласының халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтудегі атқарылып жатқан жұмыстары мен экономикалық өсіміне, сондай-ақ кәсіби мамандар даярлап жатқан

Әуезов университетінің жетістіктерін мақтанышпен айтып, университетте ашылуы жоспарланған Аризона университеті туралы өз пікірін білдірді.

Германия Федеративтік Республикасының Қазақстандағы елшісі Моника Иверсен, Венгрияның Қазақстандағы елшісі Иван Рона Отто, Румынияның Қазақстандағы елшісі Мадалина Лупу, Швеция Карольдігінің Қазақстандағы елшісі Ева Пулано студенттермен білім беру бағытындағы маңызды ақпараттарымен бөлісті.

Жас ғалым Еркебулан Райымбеков қонақтарға шет елдік ғалымдармен бірлесе жүргізіп жатқан жобасын таныстырса, Латвияда академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқудан өткен «Халықаралық қатынастар» мамандығының 4 курс студенті Слам Алтынай университет берген мүмкіндіктерімен бөлісті.

Бұл күні студенттеріміз елшілерімен «Ambassador Cafe» форматында ашық әрі еркін жүздесті.

Елшілер тарапынан беделді оқу орындары туралы толыққанды мәлімет беріліп, білім беру



бағдарламалары, ғылыммен айналысу бойынша сауалдарын қойып жатты, тіпті арасында жастарымыз өздері қызығушылық танытқан елшілік қызметінің қыр-сырын сұрады.

«Басқару және бизнес» ЖМ 3 курс студенті Мадина Абилхаева, «Филология» факультетінің «Шет тілі» мамандығының 2 курс студенті Рмазан Балабек өздеріне қажетті ақпараттарын алғанын айтып, осындай мүмкіндік жасаған университетке алғыстарын жеткізді.

Студент-жастар елшілермен ағылшын тілінде емін-еркін сұхбат құрып, естелікке суретке түсті. Атап өтейік, Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздік алған күннен бастап әріптес болып табылады. Одаққа мүше мемлекеттердің беделді ғылыми институттары және ЖОО-мен білім беру, ғылыми-зерттеу, халықаралық байланыстар және халықаралық әріптестікте жұмыс істеп келеді.



М.Мырзахметұлының Абайдың шығысын зерттеуі – ұрпақ үшін үлкен олжа, алтын қор

Мекемтас Мырзахметұлының ғылыми қажыр-қайраты бес бағытта, тарапта өрбиді: ол – Абайтану, Мұхтартану, Бауыржантану, Түркология, Отаршылдық жүйені әшкерелеу.

Абайтану – ғалым өмірінің айнасы. Абайтанусыз ғалымның шығармашылық тұлғасын елестету мүмкін емес. Бізде абайтану ғылымы бар. Абайтанушылар армиясы да жетерлік. Бірақ Абайға бүкіл ғұмырын арнаған, сарп еткендер көп емес, саусақпен санарлық. Абайға бүкіл ғұмырын арнаған автор ең бірінші ол сөзсіз – Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Осы қатарда біздің қадірменді ұстазымыз Мекемтас Мырзахметұлы бар. Мекемтас Мырзахметұлы – Абайтануды жаны бар тірі организм ретінде меңгерген тұлға. Абай – ғалым үшін тек өлі ғылыми материал емес. Ол кісі Абай туралы ұшықиыры жоқ мол фактілерді жинақтаушы һәм сұрыптаушы ғана емес, одан бойына жауанмәрттілікті де жұқтырған кісі. **Ғылым, шынхақ сәулелі ғылым екі нәрседен тұрады. Фактіден һәм жауанмәрттіліктен.** Фактінің құлы болып та ғалым болуға болады. Факті жауанмәрттілікпен шыланбаса онда оның иісі, дәмі жоқ, солып қалған лимон не алма жемісі сияқты болады. Иісі, дәмі бүлінбеген ғылым ол қашанда қат, дефицит нәрсе. Тағдырдың бұндай сыйына ие болатын тұлғалар сирек.

Профессор Мекемтас Мырзахметұлының ғылымдағы үлкен ерлігі – оның кеңестік империя тұсында Абайдың Шығыспен байланысын зерттеуі деп білеміз. Бұл ол кезде қазіргідей сәнді тақырып болмаған. Керісінше өте қауіпті, жабық тақырып болған. Шығыстанушы профессор Ә.Қоңыратбаевтың қуғынға түсіп есек мініп, Қызылорданың қиырындағы ауыл балала-



рына сабақ беретін кезі де осы тұс. М.Мырзахметұлының Абайдың шығысын зерттегені қазіргі ұрпақ үшін үлкен олжа, алтын қор болып отыр. Абай шығыстың даналығын бойына сіңірген, батыстың позитивизімін дұрыс аңғарған ойшыл. Оның Бұқар жырауға көңілі толмағаны да осыдан келіп шыққан. Бұқар жырау, Шортанбай шығыстық даналық мәйегін бойына сіңіргенмен батыстың өркениеттік прагматизімін түсіне алған жоқ. Оны түсінуге лайықты орта да болған жоқ. Сондықтан Абайдың осы екі қанатын: батыс һәм шығысты ұштастырып қарамай оның тұлғасын тану мүмкін емес болатын. М. Мырзахметұлы осы мәселені жете зерделей алған, сол үшін де кеңестік космополитизм құйтырқысына қарамай Абайдың шығыстық лабораториясын ашуға тәуекел еткен. Сол тәуекелшілдік бүгінде өз жемісін беруде.

Ғалымның ғылыми орбитасындағы біз айтып отырған екінші тарап – Мұхтартану. М.Мырзахметұлына біз Мұхтартану ғылымын зорлап таңып отырған жоқпыз. Біздіңше, «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» атты белгілі монографиясымен-ақ ол Мұхтартанушыға айналған. Өйткені Абайтану – Мұхтартанусыз мүмкін емес. Аталған монографияда автор Мұхтар Әуезовтің ғылыми архивін Абайтанудағы алтын өзекеке айналдырған. Нәтижесінде ғылыми зор табысқа жетті. **М. Әуезов – нөмірі бірінші Абайтанушы.** Ғалым Әуезовсіз Абайдың шығармашылық әлеміне бас сұға алмасын анық біл-

ген. Әуезовсіз Абайға бару шалағайлық болар еді. М. Мырзахметұлының атақты Абайтанушыға айналуы – өзінің Әуезов шығармашылық мұрасын ғылыми іргетас ретінде ала білуінен болса керек. Қазіргі кезде Абайды веда дінімен шатастырып жүргендер – осындай іргетасты негізге ие бола алмағандар. Нығыздап айтқанда, ғалымның Абайтану өрісіндегі Мұхтартану сілемдерін көре білу керек. Онда бағалы ғылыми ойлар баршылық.

Ғалым соңғы кезде Бауыржан Момышұлы мұрасын зерделеуді қолға алып жүр. Бауыржантану – Мекеңнің үшінші ғылыми көкжиегі дер едік. **Біздіңше тұлғатанудағы үш кезеңдік саты болмақ: 1. Мифтік, 2. Көркемдік. 3. Ғылыми.** Әрбір айтулы тарихи тұлғаны танушылық осы үш кезеңнен тұрады. Біздің әдебиеттану ғылымында осы танымдық үш кезеңнен молынан сұрыпталып өткен бір тұлға болса, ол – Абай. Басқа әлі ешбір тарихи тұлғамызға бұл несібе бұйыра қойған жоқ. Көп тұлғаларды тіпті мифтік деңгейде қалып қойған деуге болады.

Бауыржан – кезінде аңызға айналған тұлға болды. Соғыс жылдары ол – Алпамыс, Қобыланды батырдан кем түспеді. Оның өзіндік себебі бар. Халықтың тұлғаны бекерге аңызға айналдырмасы хақ. **Бауыржан есімі кезінде жаны жаншылып, өлі сүлдеге айналған халықтың рухын тірілтіп, жүрегіне қан жүгіртіп еді.** Қазақ соғыстың алдында кеңестік репрессиялық машинадан қырғынға ұшырап, қансы-

рап тұрған хәлде еді. Ол машина социализмді пір тұтқан Тұрар Рысқұловты да, либерализм жолын ұстанған Ә. Бөкейхановты да, түрікшілдік идеясын көтерген М.Шоқайды да аямаған, көзін жойған. **Халықтың рухани иммунитеті күрт азайып, тобырлық кейіпте қалу қаупі мықтап төнген сондай бір өліара шақта ұлт үшін Ер Төстік сынды батыр тұлға керек болатын. Сол Ер Төстік батыр – Бауыржан болды.** Халық оны сөйтіп өзінің аңыз кейіпкеріне айналдырды. Баукенді көркемдік тұрғыдан халқына қапысыз танытқан қаламгер – Әзілхан Нұршайықов. Ол өзінің «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбатында аңыз бен ақиқаттың арасын саралап, аршып берді. Осы роман болмағанда біздің Бауыржанды тануымыз әлі қай деңгейде болар еді? Оны ойлаудың өзі қиын нәрсе. Ол М. Әуезовтің «Абай жолын» жазбағанымен бірдей нәрсе болар еді. Бауыржантанудың ең шешуші кезеңі енді туды. Енді аңызға айналған Бауыржанды, көркем романның кейіпкері болған Бауыржанды ғылыми тұрғыдан тану мәселесі тұр. Ол үшін оның шығармашылық мұрасын анализ жасау керек. Міне, қазір Абайтанушы Мекең осылай Бауыржантанумен айналысып жатыр. Ол құрған «Бауыржантану орталығы» бұл зор істі абыроймен атқарып шығатынына сенімдіміз.

Ғалымның ғылыми өрісін аңдау үшін енді тағы бір тұсқа көз салмасақ ұтыламыз. Бұл – түркология. Түріктанушылық, түрікшілдік идеясы – М. Мырзахметұлының шығармашылығындағы алтын арқаудың бірі. Бұл кеше, бүгін аяқ астынан пайда бола салған сарын емес, ол сонау кеңес өкіметі қазаққа үстемдік құрып тұрған кезде-ақ болған. Тағы да сондай бір қордалы сарынға ғалымды жетелеп әкелген не десек, ол оның сөзсіз шығысынан тапқан асылы дер едік. Бұл орайда бір, екі-ақ мысал келтірейік:

Алып Ер Тұңға өлді ме?

Жалған дүние қалды ма?

Заман өшін алды ма?

Енді жүрек жарылар...

Осы жыр қазіргі күнде профессордың жүрек түпкіріндегі бір ызыңға айналған. Ол ызың – түрікшілдік идеясы. Бұл идея профессорды осыдан екі мың жыл бұрынғы төл тарих төріне тартады. Ол төр – Тұран төрі, және оның айбарлы қағаны – Алып Ер Тоңа. Тұран бүгінде тарих шаңы басқан біздің құлағымызға тосын естілетін топоним. Оның есесіне Орта Азия деген жасанды атау біздің жүрегімізге әбден орныққан. Орта Азия бұл – біз жоғалтқан Тұран. Тұран енді бізге неге керек? Ол тарихи жадты орнату үшін керек. Тарихи жады қатты шайылған халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ –Түрік деген әлемдік алып бәйтеректің бір бұтағы, ірі бұтағы. Бұтаққа діңгек керек. Профессордың іздейтіні сол тарихи діңгек.

Біздің ұлтымыз бүгінде ғарыштық өлшемдермен өмір сүруде. Ол өлшемдерді біз өзіміздің алтын тамырлы тарихымыздан, мыңдаған жылдар жүзінде пісіп-жетілген миллеттік менталитетімізден алып отырмыз. Бөтеннен жөн –жосық іздер, сырттан ұран сұрар жайымыз жоқ. Бұл орайда Американың «көшпелі демократиясы» да Ер Түріктің ұлына талғажау бола алмасы анық.

Бесінші айтарымыз ғалымның тағы бір қыры ол – отаршылдық жүйені әшкерелеу. Тәуелсіздік алған тұста біздің елде ресми түрде отарсыздандыру үрдісі жүрген жоқ. Бұл әлемдік тәжірибеде бар үлгі. Оның зардабын әлі күнге белгілі дәрежеде тартып отырмыз. Ғалым бұл орайда үлкен еңбек етті. «Қазақ қалай орыстандырылды» деген монография жазды. Жіпке тізілген фактілер мен терең анализдік пайымдаулар – бір халықты рухани мешеулікке қалай ұрындыруға болатыны

жайлы ғылымнан зор хабар береді. Абайтанушы ғалым неге қазақ топонимдері мен антропонимдері, қазақ алфавиті туралы ой толғауға көшті? Бұл заңды құбылыс. Екі арада мызғымас заңдылық бар. Абайдың өзі отаршылдыққа қарсы күрескен тұлға. **Абай – Алаш Орда өкіметінің рухани негізін қалап кеткен пассионарлық тұлға.** (М.Әуезов пен Ә.Ермеков Алаш Орданың кеңестік үлгідегі ыңғайланған варианты).

кінін қазып көре білу керек. Сонда барып отарсыздану ғылымын игереміз. Сонда барып неге Ильминскийдің Ы.Алтынсариннің шақшадай басын шарадай қылғанын түсінеміз. Сонда барып С.Сейфуллиннің «Орап көркем перделермен жасырдың, Сұмдығыңды дүние-



Осы монографияны зерделеп оқыған адам Майтөбенің неге Мичурин болып кеткенін қанып отырып түсінеді. Миға сәуле түсіреді. Отарлау машинасының ең зор тетігі – миссионерлік. М. Мырзахметұлы аталмыш еңбегінде миссионерліктің түбін қопарып әшкерелейді. «Обрусительная палата» деген мекемені алғашқылардың бірі болып зерттеу нысанына айналдырған. Миссионерлік деген не? Ол – дінді өзгерту, діні өзгерген халық отаршылдардың қолындағы жұмсақ пластинге айналады, одан кейін ойнап отырып одан не соқсаң да өзің білесің. Қазіргі елімізде қаптап жүрген діни секталардың мақсат-мүддесі де осы. Сектант қазақ тұтас қазақтың қамын жей алмайды. Ол өзінің қара басының қамымен әуре болады. Қайран қаламыз, Мекең болмағанда ұлы миссионер Ильминскийді әлі де пір тұтып жүре берер ме едік? Орыс саясатының бар мақсаты – жұту болған. Қазақты қалай орыс қылуға болады? Құдай қазақты қазақ қылып жаратса, олар оны орыс қылмақ болып әуреленген. Бұл істе олар мойындау керек, үлкен «жетістікке» де жетті. «Будет время, когда русский алфавит в степи возмет верх над арабским » деген орыс империясының арманы іс жүзіне асты. Бізге енді арабшаны қайтадан үйренуге тура келіп жатыр. Ендігі жерде санадағы альфа-бетаны әліф-бимен ауыстыру керек. Бір сөзбен айтқанда отарлау ол – ғылым, одан құтылу үшін оның түп-төр-

ден асырдың», – деген сөздерінің астарын ұғып, Түркістанның неге Орта Азияға айналғанын білеміз. Сонда барып «орақ пен балға» белгісінің жай еңбек құралдары емес сананы улайтын, у жағылған, қанға боялған кір саясат символы екенін аңғарамыз. Құдай бізді енді сондай «орақ пен балғадан» сақтасын. Дәл сондай Сталиннің «бес жұлдызынан» сақтасын демекпіз. Тәңіріміз енді қанатына алтын жалатылған көк пырағымызға қуат берсін, көк туымыз ләйім желбіреуінен танбасын. Ол көк ту бүкіл Түрік әлемінің, мұсылман өркениетін өркендететін күш байрағына, энергия көзіне айналсын!

Қорыта айтар ой: шама- шарқымыздың жеткен тұсына дейін алты алашқа танымал, бүкіл түрік дүниесіне машһұр ғалым Мекемтас Мырзахметұлының тұлғасы жайлы ой бөлісуге талпындық. Сөз соңында шәкірттік ізетпен кезінде ғасыр басында қазақты сары, қызыл маса боп шаққан Ахмет Байтұрсынұлы атамыз айтпақшы: «Әзірге қолдан келген осы барым» демекшіміз.

Ақжол ҚАЛШАБЕК

Ф.ғ.к., «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы м.у.а.

ТІЛЕГЕНҰЛЫ СҮЙІНДІК – АҒАРТУШЫ АҚЫН



«Абай дәстүріндегі
Оңтүстік шайырлары» тақы-
рыбындағы зерттеу жұмыстары ор-
талық ашылғалы тынымсыз жүргізіліп келеді.

Бұлардың бірі Абайдан үлкен, енді бірі замандас

болғанымен XIX ғасырдағы шығармашылық процесте үндес келетін тұстары да көп. Шығармашылық мұрасы «ақтаңдаққа» айналып, ұмытылып кете барған аса сыпа, жәдидшіл ағартушы, «молда ақын» атанған XIX ғасыр шайырларының бірі – Сүйіндік Тілегенұлы (1827-1892). Кез келген ақын ұрпақта-рының ата мұрасын қастерлеп сақтамауы, ақын мұрасының дер кезінде жиналмауы, зерттеушілерін «таба алмауы» – көзі бітелген бұлақтай, ақын мұрасының «өшіп кетуіне» аз ықпал жасамағаны тарих-тан мәлім.

Сүйіндік ақын мұрасы біздің ұзақ жылғы зерттеуіміздің жемісі. Сүйіндік ақынның өмірбаяны мен әдеби мұраларын халық мұрасын жинаушы Қысыраубек Амантаев 1957 жылы ақынның бел баласы Үсіпбек ақынның өз аузынан жазып алады. Қ.Амантаев кездескенде Үсіпбек 83 жаста екен. «Қартайған соң ақындықты қойған, бұрынғыдай ел араламайды екен. Бірақ ақын өлеңінің бәрін жатқа білетін ақыл есі жетік, анатомиялық құрылысы да мықты адам екен», – деп жазады Қ.Амантаев. «Ол көп білетін еді. Әсіресе, одан «Нарқызарын», «Шәкір-Шәкірат» дастандарын жазып ала алмағаныма өкінемін. Бұл екеуі де Сүйіндік ақынның шығарған дастаны еді. Тілеп Жүсіпбековтың айтуына қарағанда халыққа мәлім «Нарқызарын», «Шәкір-Шәкірат» дастандарының әуелгі шығарушысы – Сүйіндік ақын. Мүмкін бұл бір нұсқасы шығар. Менің өзімде «Нарқызарын» дастаны бар. (Өкінішке орай бұл екі дастан да әл-өзірге табылмай отыр) Бірақ Сүйіндіктің атына байланысты «Шәкір-Шәкірат» дастанының табылуы екіталай. Сүйіндік ақынның «Нарқызарын», «Шәкір-Шәкірат», «Әміре» сияқты идеялық жағынан ұстамды, көркемдік жағынан тамаша дастандары болуымен бірге, «Шәмшар патша-Қарын дәу» сияқты әлсіз дастаны да бар. Бірақ Сүйіндік ақынның стилін, идеясын анықтай түсіну үшін әдеби мұраларын толық жиналуы, салыстырмалы зерделеу үшін қажет. Сүйіндік ақынның қысқа сюжетті мысал өлеңдерінде өз тұсындағы ел билеуші әкімдерді, патшаны ешекке, қарғаға теңеп өлең етіп отырса, астарлы сөздермен сынап отырса, Мұхамбет пайғамбарды дәріптейтін мысал өлеңі де бар. Сүйіндік ақын термелерінде өз заманындағы зорлықшыл озбыр Тәйтелі сияқты болыстарды қатты әшкерелеушілік бар. Сүйіндік ақынның мұндай өлеңдерін баласы Үсіпбек көп білетін еді» Біз қолжазба деректердегі мәліметтерге сүйене отырып, ақынның өмірбаянын анықтап, шығармаларының жазылу жүйесін жасап шықтық.

Сүйіндік ақын 1827 жылы, Қаратаудың етегіндегі (Жамбыл облысы мен Түркістан облысы шектескен жер) «Қошқар ата» деген жерде туылып, сол жерде қайтыс болған. Руы – Қаңлы болуы керек. Сүйіндіктің әкесі Тілеген де, оның әкесі Жиенбай

да, оның әкесі Қарабай да, оның әкесі Кеңбаба да, оның әкесі Ырысбай да – бәрі де замандарында молда болған, сауатты һәм ағарту жолында қызмет істеген оқымысты адамдар болған екен. Міне осы дәстүр-тәрбиені бойына мықтап сіңірген Сүйіндік те алғашқы білімін ауылындағы медреседен алған. Кейіннен ауыл балаларын оқытумен бірге, ел арасындағы ақындарға көп құлақ қойып жүреді. Кейбір ақындарды айлап, апталап үйінде ұстайтын әке дәстүрін кейіннен өзі де жалғастырған. Сүйіндіктің ағайын тумалары да зиятты, момын, шаруаға мықты жандар болған. Тоғатты, би болмаған адамдар. Сүйіндіктің өнер жолына түсуіне нағашысының қатты ықпалы тиген. «Жігіттің адам болмағы нағашыдан» деген нақылдың әдемі үлгісіндей. Ақынның нағашысы Боралдай өзені жағасындағы Тесіктам деген жерден, Бөгежілі еліндегі Балақаз деген датқа екен. Балақаздың өзі Сүйіндікті үш жасында қолына алып келіпті. Сүйіндікті жеті жасында, 1834 жылы Байыс елінен шыққан Жорабай деген молдаға оқуға береді. Сүйіндік Жорабайдың қолынан «Әптиек», «Құран», «Шар кітап», «Сопы Аллаяр» кітаптарына қоса, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Фирдоуси, Фаузи Ажатбеки, Фікір Айдани сияқты кітаптарды оқып бітірген. Хафиз, Науаи т.б. жеке кітап ретінде оқытылуы XVIII-XIX ғасырлардағы оқытылу жүйесінің әлі де терең зерттелуге тиіс екендігін көрсетсе керек. Болашақ ақын таңдау пәні секілді бұл кітаптардан соң қырық сегіз кітаптан құралған «Мұқтасар» деген кітаптың алғашқы төртеуін – «Кітаби тарат», «Кітаби салат», «Кітаби закат», «Кітаби никаны» осы Жорабай молдадан оқып бітіреді. Бұдан соң нағашысы Сүйіндікті Ташкент қаласына апарып, «Тақтакул» деген жердегі орталау медресеге оқуға беріпті. Онда бір жыл оқып, елге қайтып келеді. Ташкенттегі бір жыл оқуда болған мерзімде «Мұқтасар» кітабын тәмамдапты. Мұнан соң Сүйіндік молда өз елінде біраз күн демалып, Бұқара қаласына оқу іздеп кетеді. «Ол жақта жатып, елге келместен үш жыл оқып, сол кездегі «жиырма бес жылдық оқуды» бітіріп шығады». Әсірелеу ретінде айтылғанымен дәл осы мәселеде біраз шындықтың жөні бар. Қазақ балаларының Орта Азиялық шәкірттерден алғыр болғаны туралы

дерек, дәлелдер көп. Сүйіндіктің оқыған кітаптарының ішінен өзінің айтуымен баласы арқылы жеткен дерекке қарағанда бастыларын атауға болады. Олар: «Мүшкілат Кәпия», «Ақайд», «Шаруа Қая» сияқты кітаптар. Міне осыдан кейін ақын «Сүйіндік молда» атанып, нақу өлеңдерін алып шығатын дәрежеге жетеді. Яссауи тариқатын, «хәл ілімін» терең біліп қана қоймай, сопылықтың көусарынан сусындап, сопылықтағы бенденің кәмалаттығын (Абайдағы толық адам) өрнектей алуы қайран қалдырады.

Жаралдым топырақтан, асылым адам,
Дінім – ислам, Қожа Ахмет Яссауидан.
Рухиым Мұхаммед, дінім – ислам,
Мәзһабым – Сәбитұғлы Имам Ағзам.
Жаратты топырақтан денемізді,
Жаратты дін атасын, екі көзді.
Жиырма төрт, бір тамшы су сәбілден сүйек қылды,
Қып қойды тілді бүйрек, сөйлер сөзді.
Жиырма төрт ұлды жалғастырып,
Тынысын дәлеліңнің жүрек қылды.
Ақылсыз түк болмайды құры қайрат.
Ақылға бір айналып келер қайтіп.
Екеуін тапқанменен ұстай алмас
Қосылса оған ақыл келеді айдап.
Тағы бұл ажал жетсе, тағдыр серік,
Келтірер баянына ақыл ойлап.
Ақылдың әлі келмес, бір жыл ұстар,
Қалармыз ажал келсе бір түнде өліп.
Бұл сөзді болыс пенен айттым байға,
Ешкім де тоқтата алмас жауап беріп.
Дүние бескүншілік жолдас емес,
Ер жігіттік болмайды жүрсе жайға,
Жақсылар құлақ салғын осындайға, – дейді ақын.

Сүйіндік молда оқуын тәмамдап, ұстаздарынан, оқытқан молдаларынан бата алып елге келеді. Сол жақта туыстары оны үйлендіреді. Боралдай өзені бойындағы Шоқай деген елден Сапақ дегеннің Бике деген қызымен некелеседі. Сапақ та, балалары да көзі ашық, көкірегі ояу адамдар болғанға ұқсайды. Ақын Бике бәйбішеден – Нарбек, Нарбай, Нартбай деген үш ұл, Алма, Күлсін, Зейнеп деген үш қыз, тоқалынан – Тоқберген, Үсіпбек, Нұрша, Бике – барлығы он перзент көрген. Бұлар да шаруаларына бір

қос мығым, өздеріне лайық дәулеті бар адамдар болған. Артық байлық жимаған, зиялы, оқыған, өрелі екен. Өнерді биік тұтқан, мансапқұмар болмаған. Бұл қасиет Бәйгелге айтқан өлеңінен де байқалады. Алақүшік Бәйгел деген кісі Сүйіндік молдаға 1889 сауып іше тұруына бір бұзаулы сиыр беріпті. Сонда Сүйіндік молда:

Жасымнан көп адаммен болдым жолдас,
Жаман адам жақсыны қадірге алмас.
Үрмет қылып сыйладың сиыр беріп,
Моллаңның иншалла көңілі қалмас.
Ел құмар Қызылқұмның пәктісіна,
Ер жігіт елдік қылар қастысына.
Байеке, қызметінді ұмытпаспын,
Қаңлының ел мақтарлық бастысына, – деген екен.

Ақынның табан астында суырып салған осындай өлеңдері де аз болмағаны аңғарылады.

НИЛ «НС, СР и ЗР» имеет тесные связи с научными лабораториями «Строительные материалы, строительство и архитектура», «Высокотемпературный синтез композитных материалов», «Инновационное оборудование технологических процессов», «Проблемы агропромышленного комплекса», «ИРЛИП», «Сапа» ЮКУ им. М. Ауэзова, КазНИИ почвоведения и агрохимии им. А.А. Успанова, КазНИИ защиты растений и карантинна, Казахским институтом химических наук им. А.Б. Бектурова, КазНИТУ им. Сатбаева, КазНУ им. Аль-Фараби, КазНАУ им. С. Сейфуллина, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Таразским региональным университетом им. М.Х. Дулати, КазАТУ им. С. Сейфуллина, Могилевским государственным университетом (г. Могилев, Республика Беларусь). Для нормального функционирования НИЛ «НС, СР и ЗР» имеет тесные контакты с ТОО «Казфосфат» и его филиалами НДФЗ и ЗМУ, ТОО «Сарытас удобрения», Еврохим по производству фосфора и фосфорных удобрений, а также с проектными организациями ТОО «КазНИИгипрфосфор» и ТОО

«Рекон».

В плане международного сотрудничества НИЛ «НС, СР и ЗР» имеет тесные связи с Белорусским государственным технологическим университетом (г. Минск), Могилевским государственным университетом продовольствия (г. Могилев), Республикой Беларусь, Санкт-Петербургским государственным технологическим институтом (Техническим университетом) (г. Санкт-Петербург), Российским химико-технологическим университетом им. Д.И. Менделеева (г. Москва), Санкт-Петербургским политехническим университетом (г. Санкт-Петербург), Российской Федерация, Хемницким техническим университетом (г. Хемниц, Германия).

При выполнении НИР и грантовых работ принимают участие PhD докторанты кафедры «ХТНВ» и кафедры «БЖ и ЗОС».

К мероприятиям по совершенствованию, развитию и укреплению материальной базы можно отнести:

- налаживание и укрепление связей с промышленными предприятиями отраслевыми НИИ, фермерскими хозяйствами, предприятиями малого и среднего бизнеса, ВУЗами РК и зарубежья;

- подача заявок для участия в конкурсах на грантовое и программно-целевое финансирование научных разработок.

С целью внесения максимального вклада в становление и развитие НАО ЮКУ им. М. Ауэзова, как национального университета стратегический план научно-исследовательской лаборатории НИЛ «НССР и ЗР» формирует программу своего развития на основании запросов Агропромышленного комплекса и промышленных предприятий РК, коммерциализации результатов научной и научно-технической деятельности по выпуску новых номенклатур тукоосмесей, содержащих макро- и микро удобрения, влагоудерживающие вещества и гуматы, а также предоставления открытого доступа производственным, предпринимателям и инвесторам работы НИЛ, в соответствии с ниже приведенным планом и индикаторами.

В научной деятельности НИЛ принимают активное участие преподаватели, к.т.н. Якубова Р.Р., Кадирбаева А.А., Кошкарбаева Ш.Т., Наукенова А.С., Керимбекова З.М. и многие другие, студенты, магистранты, а также PhD докторанты кафедр «Химическая технология неорганических веществ и нефтехимии», и «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды».

К.Т.ЖАНТАСОВ,
доктор технических наук,
Почётный профессор ЮКУ
им. М.Ауэзова, академик РАЕ,
лауреат Государственной
премии РК, изобретатель СССР,
заведующий НИЛ «НС, СР и ЗР».

Жастардың психологиясын қызықтырудың жолдары

Жастар – ел дамуының, мемлекет болашағының стратегиялық ресурсы, бүгін мен ертеңінің қозғаушы күші. Сол үшін жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе, болашақтың ісінен ақсамас едік. Елімізде бірнеше жылдан бері жастарды қолдау, оларға кәсіби білім беру, жұмыспен қамту сияқты мәселелерді шешуге бағытталған әртүрлі бағдарламалар қабылдануда. Қазіргі таңда жастардың психологиялық қызықтыру ең маңызды мәселеге айналып отыр. Жаһандану, технологияның жедел дамуы, әлеуметтік қысым мен жоғары бәсекелестік жағдайында жастар жиі күйзеліс, мазасыздық, депрессия секілді қиындықтарға тап болады. Осындай жағдайларда олардың психологиясын қызықтыру – қоғамның басты міндеттерінің бірі.



тылық адамдардың стресс жағдайында дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі.

2. Психологиялық көмекке қолжетімділікті арттыру. Көптеген жастар психологиялық көмекке мұқтаж болғанымен, ол туралы айтуға қысылады немесе қолжетімділік болмағандықтан көмекке жүгінбейді. Осы мәселені шешу үшін тегін немесе арзан психолог қызметтерін ұсыну, мектептер мен университеттерде психолог кабинеттерін ашу керек.

3. Дене белсенділігі мен дұрыс өмір салтын қалыптастыру. Физикалық белсенділік – психологиялық саулықтың ажырамас бөлігі. Спортпен айналысу стресс деңгейін төмендетіп, көңіл-күйді жақсартады. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану мен ұйқының жеткілікті болуы да маңызды.

4. Қоғамдық қолдау жүйесін нығайту.

Отбасы, достар және қоғам тарапынан қолдау көрсету – жастар үшін психологиялық тұрақтылықтың негізі. Әңгімелесу, бір-бірін түсіну және қолдау көрсету арқылы жастардың өздерін жалғыз сезінбеуіне көмектесуге болады.

5. Әлеуметтік желілердегі ақпаратты сүзу. Әлеуметтік желілердегі жағымсыз ақпараттар мен жалған өмір бейнелерінен қорғану үшін жастарға медиа сауаттылықты үйрету қажет. Оларға өз өмірін басқалармен салыстырмай, шынайы құндылықтарды бағалауға бағыт беру керек.

Жастардың психологиялық саулығын нығайту – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның міндеті. Мемлекеттік деңгейде жастарға психологиялық көмек көрсету бағдарламаларын іске асыру, сонымен қатар әлеуметтік жобалар арқылы олардың өзін-өзі дамытуына жағдай

Мамандардың айтуынша, көп жағдайда түлектерде мамандық бойынша тәжірибе болмағандықтан, жұмысқа орналаса алмайды. Ал «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы еліміздің 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастарын қолдауға арналған. Ел болашағы жастардың қолында: олардың еңбекқорлығына, талап-мұратына, арман-мақсатына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып қалған құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып ғана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Жастардың тағдыр-талайы мен болашағына елдегі белгілі әлеуметтік топ ретінде емес, оларға мемлекеттің болашағы, ұлттың тағдыры, елдің ертеңгі иесі ретінде қарағанда ғана ұлт құндылығын ұлықтай аламыз.

Жастардың психологиялық қызығушылығына кері әсер ететін факторлар

Әлеуметтік желілердің ықпалы

1. Әлеуметтік желілерде үнемі «идеалды өмір» бейнеленіп, жастарды басқалармен салыстыруға итермелейді. Бұл олардың өзін-өзі

бағалауына, сенімділігіне және эмоциялық тұрақтылығына кері әсер етеді.

2. Білім және мансап қысымы. Көптеген жастар өздерінің болашағы үшін үлкен жауапкершілік сезінеді. Жоғары оқу орындарына түсу, жақсы жұмыс табу сияқты мәселелер олардың мазасыздығын арттырады.

3. Қаржылық қиындықтар. Жастардың экономикалық тәуелсіздікке ұмтылысы, жоғары өмір сүру стандарттарына сай болуға деген талпынысы кейде стресс пен күйзеліске әкеледі.

4. Жанұялық және қоғамдық қолдаудың аздығы. Қазіргі заманда жастардың өз ой-пікірлерін еркін айтуына немесе қолдау іздеуіне мүмкіндік аз. Бұл ішкі жан-дүниесінде жалғыздық сезімін тудырады.

2. Психологиялық саулықты нығайту жолдары

Эмоциялық сауаттылықты арттыру. Жастарға өз эмоцияларын түсініп, оларды басқаруға үйрету маңызды. Бұл үшін мектептерде, жоғары оқу орындарында психологиялық сауаттылық курстарын енгізу қажет. Эмоциялық сауат-





жасау қажет. Олардың психологиялық саулығын қорғау арқылы біз рухани бай, тұрақты қоғам құра аламыз. Бұл үшін әрбір адам, ата-ана, педагог және мемлекет жастарға қолдау көрсетіп, олардың ішкі жан-дүниесіне мән беруі тиіс. Психологиялық саулық – бұл тек денсаулықтың кепілі ғана емес, сонымен қатар өмірдің сапасын арттыратын басты құндылық.

Сондықтан, қоғамдағы жастардың рөлі – ерекше маңызға ие. Олардың тәрбиесі, білімі, руханияты әлбетте баршаны қызықтыруы тиіс. Себебі, бала тәрбиесіне уақытында назар аудармаса, уақыт өте келе, дұрыс тәрбие алмаған бала өз зиянын тигізетін сөзсіз. Қазақтың ұлы ойшылы Жүсіп Баласағұн: «Тәртіп көрген адам бала күнінде, өнерімен қуандырар түбінде» – дегенді осындай тұжырымда айтса керек. Кішкентайында тәрбие алмаған баланы, өскеннен кейін тәрбиелеу қиын шаруа. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады. Ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың», – деп бекер айтылмаған.

Жастар денсаулық орталықтарына жүгінулерді талдау барысында нысаналы топ өкілдері бірінші кезекте психологқа – 269 428 (32,1%), гинекологқа – 161 025 (19,2%), дерматовенерологқа – 64884 (7,7%), урологқа (7,7%), әлеуметтік қызметкерге – 47787 (5,7%), терапевт – 96278 (11,5%), педиатр – 58656 (7,0%), заңгер – 5902 (0,7%) жүгінген.

Педиатрға жүгінудің ең аз саны – 58656 (7,0%), заңгерлік кеңеске 5902 (0,7%) жасөспірімдер мен жастар жүгінген.

Жалпы республика бойынша өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту мақсатында ЖДО мамандары 2024 жылдың соңына қарай 113 538 іс-шара өткізіп, барлығы 1 025 928 адамды қамтыды. оның ішінде 8585 семинар-тренинг, жарнамалық акциялар – 1213, дөңгелек үстелдер – 2288, конференциялар – 967, денсаулық мектептеріндегі сабақтар – 7369, ашық есік күндері – 1228 ата-аналар жиналысы – 1091, диспуттар, кездесулер – 334 кеңестер, жасөспірімдер мен жасөспірімдер арасындағы жарыстар – 285, спорттық іс-шаралар – 599, интерактивті тренингтер – 1578,

қашықтан кеңес беру – 808, басқа іс-шаралар – 3951.

118 581 іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде: 165 441 жергілікті арналарда, LED мониторларында, қоғамдық көлікте, қоғамдық орындарда, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында, білім беру саласында телебағдарламалар, бейнероликтер, аудиороликтер көрсетілді, 537 – сыртқы жарнамалар, 2057 – баспа басылымдарында жарияланымдар, 12423 – МСАК сайттары мен әлеуметтік желілерде ақпарат орналастырылды.

Таратылған ақпараттық-коммуникациялық материалдар саны – 616 668 дана, оның ішінде, инфографиялық буклеттер – 209 341 дана, плакаттар – 13 758 дана, парақшалар – 227 435 дана, брошюралар – 139 336 дана, көрмелер, стендтер, сауна бұрыштары, сауықтыру бюллетендері – 4041, т.б. Елімізде «12 тамыз – Халықаралық жастар» күні. Ал жас буынды қолдау – мемлекет саясатының бір тармағы. Бұл орайда 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтардың табысты әлеуметтенуі және түрлі шешімді қабылдауға толық қатысуы, рухани, мәдени, білім беру, кәсіби және физикалық тұрғыдан толыққанды дамуы үшін барлық қажетті жағдайды жасау маңызды рөл атқарады.

Жастардың тағы бір уайымы – баспана. Өйткені бұл заманда үй алу мен үй салудың машақаты олардың бас ауруына айналды. Талай жастар қаржы жетіспей қиналып, ащы суды ұрттап, қылмысқа да салынып, айырылысып та жатыр. Яғни бір проблеманың ізінше туындап жатқан мәселелер жетерлік. Статистикалық деректерді бағдарласақ, қазақ жастарының тек 18 пайызында жекеменшік үй бар. Елдегі әр төртінші жас жалдамалы пәтерлерді пана-лап жүр. Ал 52%-ы ата-анасымен бірге тұрады.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік яғни адамгершілік сияқты

құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагог-мамандар шешуші рөл атқаратыны белгілі. Отбасында ата-ана, ал мектепте оқытушы, психолог мамандары баланың тәрбиесіне үлкен маңыздылықпен қарауы керек. Жастарды болашақта жақсы адам етіп тәрбиелеу үшін, олар-

дыңой-пікірін, психологиясын түсінуге тырысу керек. Сол кезде ғана баланың өз-өзіне деген сенімі және айналасындағы жандарға деген сенімі арта түседі. Жастарға қажетті ең басты үш нәрсе бар. Олар: жақсы тәрбие, кемел білім және адал еңбек. Болашақ ұрпаққа тәлімі мол тәрбие беру үшін осы үшеуін ұстану жеткілікті. Ертеңіміздің айбынды азаматтары болу үшін, әрбір жас ұрпақ – әрі тәрбиелі, әрі білімді, әрі өнерлі болады деген сенімдеміз. Сонда ғана, оларды болашақтың кепілді азаматтары дей аламыз. Біздің келешегіміз бүгінгі жас ұрпақ, ал жас ұрпақ тағдыры олардың бойына тәрбие мен білім нәрін себуші ұстаз қолында.

Жалпы, жастарды қолдағанымыз жақсы, десек те, мен үйрену, баулу дұрысырақ дер едім. Өйткені қолдау инфантилизмнің, масылдықтың пайда болуына түрткі болуы мүмкін. Ал жастарға белгілі бір дағдыларды беру, еңбекке баулу олардың азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін оятады. Ал мемлекет саясаты туралы ақпаратты дұрыс тарату жергілікті жастар ұйымдары, билік органдарының құзыретінде. Яғни аймақтық деңгейде мемлекеттік жастар саясаты аясында жүзеге асатын жобалар мен бағдарламалар туралы белсенді жұмыстар атқарылуы керек. Егер жергілікті жерлерде, аймақтарда мұндай жұмыс жүргізілмесе, жастардың нақты қажеттіліктері мен сауалдары жауапсыз қала береді. Бұл тұйық шеңбер іспеттес, наразылық пен қанағатсыздықты өршіте береді, – дейді әлеуметтанушы Рамазан Салықжанов.

Қорыта айтсақ, ұлттың кемел келешегі үшін бүгінгі жас ұрпаққа артылар үміт пен жауапкершілік жоғары. Сондықтан жастардан шынайы патриоттыққа негізделген білім мен біліктілік, креативтілік талап етіледі. Ал мемлекет осы санаттағы азаматтарды қолдап, жастар саясатын жүйелі жүзеге асырса, еліміздің іргетасы мықты қаланатынына сенім бар.

**Тәңірберген Айман Әбілқызы,
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ колледжінің
педагог-психологы**

Шатқалдағы шайқас



Ал осы күні, 1995 жылы ел үшін кеудені оққа керген қазақстандық Ішкі әскердің жауынгерлері тәжік-ауған шекарасында айбынды ерліктің не екенін нақты дәлелдеп, қайтпас-қайсарлық, беріспес батылдықтың ерен үлгісін көрсеткен болатын. Оларды ұмытпау, ерліктерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – біздің басты мақсатымыз.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланында бұл күні жыл сайын «Ерлікке тағзым күні» болып аталып өтіледі. Еске алу шаралары, елді, өскелең жас ұрпақты елдікке, ерлікке, бірлікке шақыруға арналған тағылымдық шаралар жер-жерде, республика бойынша әр әскери бөлімдерде және жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында өткізіледі.

Соның бір айғағы ретінде Шымкент қаласындағы М. Әуезов атындағы ОҚУ-де Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «80 күн – 80 игі іс» акция аясында Әскери кафедрада 7 сәуірге арналған іс шара өтті. Әскери кафедра құрамында тәжік-ауған шекарасында қызметтерін адал атқарған офицерлер бар. Олар – запастағы полковник Омаров Берік Илесбекович, әскери кафедра бастығы, полковник Кенжебаев Жақып Амангельдиевич, запастағы подполковник Урустамбеков Абдихан Амирхановичтар өздеріне берілген міндеттерін абыроймен атқарды. Запастағы полковник Омаров Берік Илесбекович тәжік-ауған шекарасында көрсеткен ерлігі үшін II дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған. Ол туралы республикалық газеттерде көптеген мақалалар жарық көрген.

Тәжік-ауған шекарасындағы сол қаралы оқиғаға биыл 30 жыл толып отыр. Қайсар ұлдарымыз айқын басымдықпен жауға барынша төтеп беріп, жауынгерлік борыштарын өжеттікпен өткерді. Абыройды тапталмай, антқа деген адалдықтарын танытты. Сол уақыттан бері 17 жауынгердің ерлігін кешегі Ішкі әскерлері 7 сәуірде еске алады. Олар еліміздің сенімін ақтады. Тәжікстан елшілігі қазақстандық жауынгерлердің тәжік халқына деген баға жетпес көмегі үшін 2007 жылы Душанбе қаласында үлкен монумент орнатты.

1993 жылы Тәжікстанда азамат соғысы басталды. Осы кезеңде жаңадан құрылған ТМД елдерінің басшылары ұйымға мүше Тәжікстанға қол ұшын беруге келісті. Елдің Ауғанстанмен шектесетін аймағы қауіпті болғандықтан, бұл шептің қорғанысын нығайту үшін ТМД елдерінің Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей армиясынан жасақталған бітімгер жауынгерлері аттандырылды. 1993 жылдың 15 сәуірінде ҚР Жоғарғы кеңесінің «Тәжік-ауған учаскесіндегі ТМД-ның сыртқы шекарасын күшейту туралы» қаулысымен саны 500 адамға жететін жеке құрама атқыштар батальоны құрылды. Сегіз жылға созылған ұрысқа сегіз жарым мың қазақстандық қатысқан.

Бұл оқиға жайын сол кезеңдегі ҚР шекара қызметінің штаб басшысы Александр Сәрсембеков былай хабарлаған еді: «Тәжікстан Республикасының шекара қызметін нығайтуға арналған батальон 500 адамнан құралған. Олар шекара қызметінің, ішкі әскер, ҚР Қорғаныс

Адамзаттың баласы жаратылғаннан бастап жер бетінде соғыс деген зұлмат ешқашан тоқтамаған. 7 сәуір - ерлік күні. Бұл атаулы күн Тәжік-Ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан ҚР Ішкі әскерінің сарбаздарын еске алу мақсатында белгіленген. Бұл күн - еліміздің тарихында ерекше орын алатын атаулы күндердің бірі.



министрлігінің әскери қызметкерлері. Іріктеу өз еркімен ұсыныс білдірген жауынгерлер арасында жүрді және олардың саны көп. Қызмет үшін төленетін жалақы мөлшері де жоғары. Отанға оралғаннан кейін әр сарбазға 50 мың теңге көлемінде қаржы беріледі. Қызмет мерзімі – 3 ай». Хорог шекара отряды тәжік-ауған шекарасының шамамен 200 шақырымдық учаскесін күзететін. Тәжікстандағы ахуал өте қиын, елде азаматтық соғыс жүріп, шекара арқылы Ауғанстаннан есірткі мен қару-жарақтасыған содырлар кесіп өтетін. Тәжікстанда 1992 жылы басталған азаматтық соғыс кезінде тәжік-ауған шекарасындағы қауіпсіздік босаңсыды. Ауған содырлары шекара арқылы есірткі мен қару-жарақтасыған. Шекара бұзған қарулы топтарға тосқауыл қою мақсатында 1993-2001 жылдар аралығында бітімгершілік операциясы жүргізіліп, қақтығыс аймағында 35 қазақстандық сарбаз қаза тапты. Қазақ армиясынан аттанған жауынгерлер бұл шекараны 8 жыл қорғады. Осы уақыт аралығында мыңдаған қазақстандық бұл шепте қызмет етті. Алайда 1995 жылдың көктемінде аттанған топ қанды оқиғаға тап болды. 1995 жылдың көктемінде Ауғанстан жақтан Тәжікстан оппозициясының ірі қарулы тобы Пшихарв шатқалына жақын жүргені анықталып, соның салдарынан Тәжікстан Қарулы күштері бұл аймаққа шекаралық бекет тұрғызды. Осы жылдың 7 сәуірінде заңсыз қаруланған топ шатқал маңында шекарашы жауынгерлерге оқ атып, қарулы қақтығыс орын алды. Бұл уақытта шекара шебін қазақстандық жетінші рота қорғап тұрған еді. Түс мезгілінде басталған ұрыс 5 сағатқа созылып, салдарынан 34 қазақстан-

дық сарбаз жарақаттанса, 17 жауынгер қаза тапты. Шабуылдың алғашқы минутында шекарашылар жағында адам шығыны болды, оның үстіне взвод командирлері қаза тапты. Алайда аман қалған жауынгерлер бірден қарымта тактика ұйымдастырып, қарсы шабуыл жасай білді. Батальон командирі орынбасары жараланғанда, ротаға басшылық жасауды сержант Марат Ахметов мойнына алып, қарсы топқа тойтарыс береді. Көп кешікпей Қазбат командирі Юрий Лобачев көмекке келеді. Лейтенант Игорь Дьяченко кеудесіне оқ тиіп жараланғаны қарамастан, өзіне сол мезетте медициналық көмек көрсетіп, одан кейін басқа жаралыларды да өлімнен арашалаған. Бірнеше сағаттан кейін әуеден және құрлықтан Ресей армиясынан жасақталған топ көмекке келіп, нәтижесінде қарулы топ қашуға мәжбүр болды. Шабуыл тоқтап, атыс тынышталғанда барлығы 100-ден астам адам мерт болып, 150-ге жуық жауынгер жаралы болғаны анықталды.

Қазақ батальоны сапында қызмет етіп, жат жұртта қаза болған жауынгерлер тізімі төменде: Қалмахан Бақбаев, Еркін Байғабылов, Бауыржан Далабаев, Имомаддин Жуматов, Дастан Нұрметов, Тахир Раимжанов, Еркебұлан Макажанов, Радик Қаймұдиев, Ержан Әбдиев, Жақсылық Жансүгіров, Ербол Бекебаев, Қанат Едырышов, Ержан Байбағысов, Ербол Исабаев, Михаил Мартыненко, Анатолий Мешков, Алихан Өгізбаев. Жауынгер жігіттерді еске алып, олардың ерлік хикаяттарын баяндау, болашақ ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялату мақсатында жарық көрген «Қазбат» туындысы барлық кинотеатрларда және «Қазақстан» ұлттық арнасынан сериал ретінде көрерменге жол тартты. Фильм режиссері – Асқар Ұзабаев, продюсер – Данияр Ибрагимов. Шынайы оқиға негізінде түсірілген көркем туындыны «АЮ СИНЕМА» кинокомпаниясы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының қолдауымен түсірді. Сондай-ақ сол әскери қақтығыстардан аман оралғандарға «Жеке құрама атқыштар батальоны ардагері» медалі табысталды. Олар бұл марапатты тәжік-ауған шекарасындағы оқиғаға берілген алғашқы лайықты баға деп бағалап отыр.

Қазіргі уақытта Тәжікстандағы аталған тау шатқалында ескерткіш тақта орнатылған. Олардың есімдерімен Қазақстанның қалалары мен облыстарында орта мектептер, саябақтар, ескерткіштер және көшелер аталған.

Соғыстың аты – соғыс, ол адамзатқа тек қасірет алып келетінімен белгілі. Тарих бетіне өзінің қанды ізін қалдырған соғыстарда талай ерлердің тағдырын оққа байлады.

Иә, өлгендер қайтып келмейді, бір-ақ, соғыс жүрегіне өшпес жара салған азаматтарға құрмет көрсету – біздің қасиетті парызымыз.

Шоқан ДИХАНБАЕВ,

М. Әуезов атындағы ОҚУ Әскери кафедрасының оқытушысы, запастағы майор.

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН АРДАГЕРЛЕРІМІЗ



Өздеріңіз білетіндей, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Шымкент қаласындағы үш жоғары орнының базасында ұйымдастырылды. Олардың бірі Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті еді. Бұл университет алдымен Шымкент құрылыс материалдары институты, содан кейін Қазақ химия-технологиялық институты деп аталатын. Шымкент құрылыс материалдары институты қиын соғыс жылдары, дәлірек 1943 жылы құрылды. Институттың қалыптасуына негіз қалаған кафедра «Силикаттар технологиясы» кафедрасы болды.



Жеңіс күні қарсаңында «Силикаттар технологиясы және металлургия» кафедрасының, «Химиялық инженерия және биотехнология» Жоғары мектебі ұжымдары, сондай-ақ, Қазақ химия-технологиялық институтының ардагерлері Ұлы Отан соғысына қатысқан кафедра ардагерлері Балакирев Анатолий Александрович пен Рухлин Николай Григорьевичті жылылықпен еске алады.

Анатолий Александрович Балакирев 1941 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылды. Отан үшін ең қиын уақытта ол Кеңестер Одағының астанасы – Мәскеуді қорғауға қатысты. Мәскеу маңындағы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін «Ерлігі үшін» және «Мәскеуді қорғағаны үшін» медальдарымен марапатталды. Ұрыста алған ауыр жарақаттан кейін ол демобилизацияланды. 1943 жылы жаңадан ашылған Шымкент құрылыс материалдары институтының «Силикаттар технологиясы» мамандығына оқуға түсті. 1948 жылы ин-

ститутты үздік бітіріп, институтта оқытушылық жұмыста қалдырылды. Анатолий Александрович Балакирев Шымкент құрылыс материалдары институтының алғашқы түлегі болды (№ 1 диплом иегері). Өмір бойы Анатолий Александрович «Силикаттар технологиясы» кафедрасында жұмыс істеді. Ол қызметін ассистент болып бастап, кафедра профессоры ретінде зейнетке шықты. Ол өз жұмысына деген адал көзқарасымен, жоғары талапшылдығымен және принциптілігімен ерекшелінді. Анатолий Александрович кафедра меңгерушісі болып сайланды, институт проректоры болып тағайындалды. Ол сондай-ақ институт партия комитетінің мүшесі болды және қалалық, аудандық кеңестерге халық депутаты болып сайланды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін кафедраның кеңесші-профессоры болып жұмыс істеді.

Балакиревтердің отбасылық дәстүрлерін Анатолий Александровичтің ұлы мен немересі

жалғастырды. Ұлы – Борис Анатольевич алдымен кандидаттық, содан кейін докторлық диссертациясын қорғады. «Құрылыс материалдары» кафедрасының профессоры атанды. Немересі Швайковский Алексей Сергеевич – педагогика ғылымдарының кандидаты. Қазір М.Әуезов атындағы ОҚУ-де «Тілдер және аударматану» кафедрасының доценті.

Рухлин Николай Григорьевич Шымкент қаласында орта мектепті бітіріп, он сегіз жасында Отанды қорғауға аттанды. Ол бүкіл соғыстан өтті, жараланды, Ұлы Отан соғысынан кейін Қиыр Шығыстағы авиациялық бөлімшілерде қызметін жалғастырды. 1950 жылы демобилизациядан кейін Шымкент құрылыс материалдары институтына оқуға түсті. 1955 жылы институтты үздік бітіріп, «Керамикалық материалдармен бұйымдардың химиялық технологиясы» кафедрасында оқытушылық жұмыста қалды. Кафедра ассистентінен доцент дәрежесіне дейін көтерілді, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Николай Григорьевич әріптестері мен студенттер арасында өзінің қарапайымдылығымен, жоғары жауапкершілігімен және адалдығымен,



ұқыпшылдығымен, жан-жағына деген ізгі ниетімен ерекшеленетін.

Аталған ардагерлеріміз қазір біздің арамызда жоқ, бірақ біз – «Силикаттар технологиясы және металлургия» кафедрасының, «Химиялық инженерия және биотехнология» Жоғары мектебі ұжымдары, сондай-ақ Қазақ химия-технологиялық институтының ардагерлері оларды әрқашан есімізде сақтаймыз. Өйткені, осындай ардагерлеріміздің арқасында біз сексен жыл бойы бейбіт аспан астында өмір сүріп, жұмыс істеп, ұрпағымызды өсіріп келеміз.

Б.Е.СЕРІКБАЕВ, т.ғ.к.,
«Механика және машинажасау»
кафедрасының доценті,
«Тұтқыр материалдар химиялық
технологиясы» кафедрасы
аспирантурасының түлегі



Энергетикалық қауіпсіздік – кез келген елдің негізгі мәселесі

Инфрақұрылымды жаңғыртпай жаңа экономикалық модельді жүзеге асыру мүмкін емес. Өткен жылы еліміздегі жылу электр стансалары мен жылу желілеріндегі инфрақұрылымдық апаттар энергетикалық жүйеге қаншалықты тәуелді екенін көрсетті. Энергетика саласында әлі де болса жүйелі түрде шешімін таппай отырған мәселелер баршылық. Осыған орай Президент энергетикалық қауіпсіздік мәселесін шешуге айрықша тоқталды.

Мамандар энергетикалық қауіпсіздік – кез келген елдің негізі және маңызды мәселесі екенін, өйткені ол экономикалық тұрақтылыққа, ұлттық қауіпсіздік пен халықтың әл-ауқатына тікелей әсер ететінін айтады.

Сонымен қатар Президенттің кезекті Жолдауында энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізуді және 2029 жылға қарай энергияны тұтыну мен энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15%-ға азаюға тиіс екені аталған.

Ақпарат көздеріне қарағанда, біздің экономика әлемдегі энергияны ең көп қажет ететін экономикалардың бірі әрі төменнен есептегенде 8-орында тұрған көрінеді.

Энергия тұтынудың төмендеуі бастапқы мақсатта 10% деңгейде белгіленгенімен, барлық өндірілетін электр энергиясының 88%-ын құрап отырған тау-кен өндіру, мұнай-газ, химия өнеркәсібі және металлургия өнеркәсібі сияқты салалардан соң (ішкі электр энергиясын тұтынуда барлық өнеркәсіптің үлесі 51%,

халық саны – 22%) қолданыстағы энергия үнемдеу мен оның тиімділігін арттыру бағдарламасы төмен тарифтерге байланысты іске аспай қалған.

Бұл ретте «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры, елімізге еңбегі сіңген энергетик Жақып Хайрушев: «Жалпы, энергетика саласындағы өндіріс, тасымалдау, тұтынушылар үшін түпкілікті тариф, жабдықтардың тозуы, электр қуатының тапшылығы, жеке сала ретінде жылу және жылу энергетикасы туралы заңның жоқтығы, энергияны үнемдеу, энергия тиімділігін арттыру мен ESCO, өнеркәсіпті цифрландыру, BAT, RES жаңа технологиялары, сонымен қатар, сала мамандарының еңбекақысы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау басты мәселеге айналып отыр. Энергетикалық қауіпсіздікке әртүрлі әдіспен, ең алдымен, энергия көздерін әртараптандыру шараларын қабылдау арқылы қол жеткізіледі. Жасыратыны жоқ, біздің экономикамыз 70%-ға дерлік көмірмен жұмыс істегендіктен, энергетикалық құрылымды әртараптандыру арқылы біз бір қуат көзіне тәуелділікті азайта аламыз.

Мемлекет басшысы атап өткендей, «жаңартылатын энергия көздері мен су электр энергетикасы жобаларын іске асыруды жалғастыру



қажет. Мен бұл жерге атом энергиясын да қосар едім. Сонымен бірге Су электр стансасын әзірлеу кезінде жинақтау жүйесін дамыту аса маңызды. Тарифтерге байланысты салаға шетелдік инвестициялардың тартылуы біздегі орын алған олқылықтарға, табиғи апаттарға, кибершабуылдарға және басқа да қауіп-қатерлерге сыни тұрғыда төтеп беруімізге әкелді. Әрине, энергиямен қамтамасыз етудің сенімсіздігін ескере отырып, көршілерімізбен жақсы халықаралық ынтымақтастықты сақтау керек», - дейді.

Ол сонымен қатар энергетика саласын дамыта дағы басты мәселе инвестициялық жобаларды іске асыруға және энергетикалық нысандарды жаңғырту жұмыстарына бақылаудың жетілдірілмегенін, Энергетика министрлігі алдағы жылдары бюджеті 7 трлн теңгеден асатын 11-ден 14 ГВт-қа дейінгі қуаттылықты енгізуді жоспарлап отырғанын, осыған байланысты аталған қаражаттың жөнімен жұмсалуды және «Атамекен» ҰКП АЭС бойынша да аталған министрлікпен бірыңғай мониторинг жүйесін құруға ниеттеніп жатқанын жеткізді.

масына сәйкес, 2030 жылға қарай жаңартылатын энергия көздерінің үлесі жалпы генерацияның 15%-на дейін ұлғайту жоспарланған.

Бүгінгі таңда энергия балансындағы жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 4%-дан сәл ғана асады екен.

«Негізінен энергияны бөлу өткен ғасырдың дәстүрлі энергетикалық жүйесінен жаңа ғасырдың жаңа технологиялары мен тәжірибесіне байланысты энергия ауысуының басты элементі қалыптасты. «Энергияға көшу» тұтынушылардың өздерін де ресурстардың барлық түрін белсенді түрде тарта отырып, энергия және сумен жабдықтау жүйелерін орталықсыздандыру, цифрландыру, зияткерлік негізінде жүзеге асып, энергия ресурстарының тиімділігін арттыру әрі төмендетумен сипатталды.

Мемлекет басшысының тарифтік саясатты қайта бастауы, тарифтерді белгілеудің жаңа әдістерін енгізу және монополистердің жауапкершілігін жоғарылату жөніндегі мәлімдемесінде, Қазақстандағы табиғи монополиялар



әлеуеті айқындалып, солтүстік елдермен салыстырғанда еліміздің жылумен жабдықтау жүйесінде жылытылатын аумақтың бір шаршы метріне энергия тұтыну төрт есе жоғары екен.

Мемлекет басшысының Жолдауындағы «Ірі өнеркәсіптік өндіріс бес жыл сайын технологиялық және экологиялық аудиттен өтуге тиіс. Бұл жағдай инфрақұрылымдық кәсіпорындарға да қатысты», дегені бұл энергоаудиттердің қамтылуын ұлғайту мен сапасын арттыру үшін өлшеу құралдарына тиісті бағдарлама қарастырады.

Сонымен қатар отын-энергетика кешенінің өзімен шектеліп қала алмайтынымыз тағы бар. Энергия тиімділігі барлық тұтынушыны – өнеркәсіп, үй шаруашылығы, бюджеттік ұйымдар мен ауыл шаруашылығы, жылжымайтын мүлік және басқаларды энергиямен қамтамасыз ету керек. Экономиканы энергетикалық ресурстар арқылы қажеттілікті қанағаттандыруда оларды өндіру мен тұтыну мәселесін шешіп, электр энергиясы мен жүйелік қызмет көрсету нарығындағы тұтынушылардың рөлін күшейту, электр энергетикасы саласындағы көтерме және бөлшек сауда нарықтарының бәсекеге қабілетті үлгілерін, нарықтық тепе-теңдікті қалыптастыру кезінде жеткізушілер мен тұтынушылардың тең құқықтарын қамтамасыз ете отырып, нарықтық тетіктерді дамыту қажеттігін жеткізді маман.

Жалпы, әлемде бейбіт атомды пайдалану қарқындылықпен дамып келеді. Бүгінде ядролық энергетика – жаһандық энергетиканың ең маңызды әрі қосалқы секторы. Бұл саланың электр энергиясын өндіруге елеулі үлес қосып отырғанын, көмір мен су энергетикасынан кейінгі үшінші орында тұрғанын айтуға болады. Айтпақшы, атом электр стансасы өндіретін электр энергиясының құны басқа электр стансалары өндіретін энергиямен айтарлықтай бәсекелес екенін де ескеруіміз керек.

АЛДАБЕРГЕН Айбек Полатұлы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ колледжінің Жарық және жарықтандыру желілерін монтаждау пәнінің оқытушысы



Мұндай цифрлық жүйе энергетикалық нысандардың пайдалану қызметін жақсартып, нақты уақыт тәртібінде жаңғыруы мен қуаттылығы жоғары өндіріс орнын салуда тиімділігін байқатты. Таяуда Энергетика министрлігі жанындағы «Ситуациялық талдау орталығының» негізінде жаңартылған жүйені көрсетеміз, деп отыр.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстан Еуропалық экономикалық қауымдастық профицитке ие болып, көршілес елдерге энергия жүйелеріне электр энергиясын экспорттаған. Сол кезде еліміз электр энергиясы нарығында энергия өндіруші ұйымдардың көрші мемлекеттерге электр энергиясын экспорттауын ұлғайту үшін алғышарттар жасады. Бұл ретте электр энергиясына деген ішкі сұраныс толығымен қанағаттандырылып, тұтыну көлемі жылына 90-92 млрд кВт/сағ деңгейінде болған.

2035 жылға дейінгі энергетикалық теңгерім мен энергетика саласын дамыту тұжырымда-

субъектілері үшін қолданыстағы тарифтерді белгілеу жүйесі оның дамуын тежеп қана қоймай, бүкіл салаға қауіп төндіретінін айтып өткен жөн. Осыған байланысты инвестициялар қажетті көлемде жүргізілмей, инновациялық әзірлемелер енгізілмей отыр», дейді Ж.Фалиұлы.

Тарифтерді белгілеудің қазіргі әдістемесі негізінен халық үшін өте төмен болғанымен, бюджеттік ұйымдар мен бизнес үшін негізсіз жоғары қалыпта. Мемлекет табиғи монополиялар субъектілеріне, оның ішінде генерациялау нысандарына тарифті 10 жыл бұрын алдын ала белгілеп, артықшылықты қоса қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Сол арқылы инвесторға дивидендтерді қашан алатыны туралы нақты түсінік беретін ынталандырушы тарифтік реттеу енгізіп, сәйкессіздікті жою мақсатында бірыңғай реттеуші орган құратын болды. Статистикаға көз жүгіртсек, экономикадағы жоғары энергия сыйымдылығының негізгі себептері мен оны төмендету